

ректі ауданы,
суат ауылы
«Алпар» жекеменшік б
ректорының 25.09.
1 бұйрығымен бекіті

**«Теректі ауданының білім беру бөлімі» жекеменшік
мекемесі «Тұлпар» мектепке дейінгі ұйымының
жарғысы**

I.Жалпы ережелер

- 1.«Теректі ауданының білім беру бөлімі» жекеменшік мекемесінің «Тұлпар»мектепке дейінгі ұйымы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі өзіндік жекеменшік кәсіпорын болып табылады.
- 2.Кәсіпорынның құрылтайшысы –Теректі ауданының әкімдігі, аудан әкімдігі атынан «Теректі аудандық білім беру бөлімі» ММ, (бұдан әрі тиісті саланың Уәкілетті орган).
- 3.«Теректі аудандық білім беру бөлімі»ММ-сі кәсіпорынның мемлекеттік басқару ұйымы болып табылады.
- 4.Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Теректі ауданының білім беру бөлімі» жекеменшік мекемесінің «Тұлпар» мектепке дейінгі ұйымы
- 5.Кәсіпорынның орыс тіліндегі толық атауы: Частного предприятия «Тұлпар» дошкольная организация «Отдел образования Теректинского района».
- 6.Кәсіпорын өз жұмысында Қазақстан Республикасының Зандарын, ҚР Президенті мен Үкіметінің Қаулылары мен нұсқауларын, Білім Министрлігінің нормативтік құжаттарын, облыс және аудан әкімінің шешімдері мен үкімдерін, уәкілетті ұйымдардың бұйрықтары мен үкімдерін басшылыққа алады.
- 7.Кәсіпорын заңды тұлға болып табылады, өзіндік теңгерімі (балансы), мөрі,бұрыштық мөртаңбасы, бланкілері бар, банктерден бюджеттік есеп айырысу және басқа да есеп шоттарды ашады.
- 8.Кәсіпорынның заңды мекен-жайы: **Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ақсуат ауылы, Жаңа өмір көшесі 27 үй**

II.Білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысаны, типі және түрі.

- 1.Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады

2.Кәсіпорынды құру, тарату және қайта құру Кәсіпорынның меншік иесімен жүзеге асырылады.

3.Кәсіпорын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту құқығына мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ие болады.

4.Кәсіпорын тағам өнімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормасын есепке ала отырып,балалардың тамақтануын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Кәсіпорында балаларды тамақтандыру жұмыс режимін сақтау арқылы жүзеге асырылады.

5.Кәсіпорында ұйымдық құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар құруға және қызметіне жол берілмейді.

6.Осы Кәсіпорын 2 топтан тұрады,60 балаға арналған, мемлекеттік тілде оқытатын жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйым.

7.Мектепке дейінгі ұйымда балаларды аптасына 5 күн (дүйсенбіден жұмаға дейін) қабылдайды. Балалармен жұмыс 8⁰⁰-ден 18³⁰-ға дейін.

8.Кәсіпорын дербес мекеме ретінде ұйымдасқан және күндізгі режимдегі топтары бар.

III.Кәсіпорын мақсаты, қызметі және қызметінің мәні

Кәсіпорынның негізгі мақсаты:

1.Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық саулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту;

2.Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпы адамдық және ұлттық құндылықтарға тарту негізінде қабілеттіліктерін дамыту.

3.Мектеп жасына дейінгі балалардың өз бетімен сөйлеуге деген бастамасын, құштарлығын, еркіндігін және қабілеттілігін дамыту.

4.Балаларға мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау.

5.Бес жастағы балаларды мектеп алдындағы дайындықпен қамтамасыз ету.

6.Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу.

7.Кәсіпорынның басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылымның жетістігі мен тәжірибеге негізделген мектепке дейінгі тұлғаның тәрбиесіне арналған тиісті жағдай жасау болып табылады;

Иемдену мақсаты:

- 8.Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау.
 - 9.Балалардың шығармашылық, рухани, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамыту,адамгершілік, салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру;
 10. Өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншіліктерін және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;
 - 11.Отандық мәдениетке тарту, қазақ халқының және республикада тұрып жатқан басқа да халықтардың салт-дәстүрімен таныстыру;
 - 12.Оқытудың, білім беру ақпаратының жаңа технологиясын енгізу.
- Кәсіпорын қызметінің мәні:
- 13.Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру және оқыту;
 14. Ата-аналарды педагогикалық ағарту жұмыстарына бейімдеу.

IV. Білім беру процесінің мақсаты, жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбегі

Білім беру процесінің мақсаты:

- 1.Баланың ақыл-ой , адамгершілік және дене бітімінің дамуын қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпы адамдық құндылықтарға бағыттау, мектепке оқуға дайындау.
- 2.Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде дайындалған бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 3.Кәсіпорын тиімді тәрбие беру процесін қамтамасыз ету үшін педагогтарға авторлық бағдарламаларды таңдауға, қолдануға, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен бекітілген тәрбие беру,оқыту және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді.

V. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

1. «Теректі ауданының білім беру бөлімі» жекеменшік мекемесінің «Тұлпар» мектепке дейінгі ұйымы мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бойынша, Уәкілетті органның жолдамасы , баланың даму тарихы бойынша көшірмесі,эпидемиологиялық қызмет анықтамасы негізінде 1 жастан 5 м жасқа дейінгі балалар қабылданады.
2. Өтініштерді есепке алу, мектепке дейінгі ұйымға қабылдауға арналған жолдамаларды рәсімдеу және беру тәртібін Уәкілетті орган анықтайды.
3. Балалар Кәсіпорынға қабылдану кезінде тестілеуден өтпейді.
Баланың мектепке дейінгі ұйымдағы орны келесі жағдайларда сақталады:
- 4.Баланың науқастығы;
- 5.Баланың медициналық,санаторлық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделуі және сауықтырылуы;
- 6.Ата-аналарының біреуіне еңбек демалысының берілуі;
- 7.Баланың жазғы уақытта екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылуы.
Балаларды Кәсіпорыннан шығаруды ұйым басшысы Уәкілетті органның келісімі бойынша келесі жағдайларда жүзеге асырады:
- 8.Баланы мектепке дейінгі ұйымда күту (10 күннен артық емес) үшін ай сайын төленетін төлемнің уақытында төленбеуі;
- 9.Баланың бір айдан артық емес уақыт ішінде орынды себептерсіз және әкімшілікті ескертусіз мектепке дейінгі ұйымға келмеуі;
- 10.Баланың мектепке дейінгі ұйымға кіру үшін кіру жарналарын төлетуге,сондай-ақ баланың мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі жасайтын денсаулық жағдайы туралы медициналық шешімінің болуы.
- 11.Кәсіпорында балаларды қабылдау үшін кіру жарналарын төлетуге,сондай-ақ баланың мектепке дейінгі ұйымға ұзақ уақыт болмау немесе келмеу жағдайларында орнының сақталуы үшін төлем алуға жол берілмейді.

VI.Мектепке дейінгі ұйымдағы ақылы қызмет

1. мектепке дейінгі ұйымда бала күту үшін ата-аналардан немесе оларды алмастыратын тұлғалардан алынатын ай сайынғы төлем мөлшері, балалардың жасына қарамастан, оларды тамақтандыруға кететін шығынның 100% құрайды.

VII.Тәрбие және білім беру процесін ұйымдастыру

- 1.Кәсіпорын әрбір жас деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік тілде білім береді.
- 2.Кәсіпорында оқу-тәрбие беру қызметі, қосымша үш тіл (қазақ тілі,орыс тілі,ағылшын тілі) жүргізіледі.
- 3.Кәсіпорын ата-аналар мен балаларға әлеуметтік педагогикалық , психологиялық және медициналық –сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беру әрекетін жүргізеді.
- 4.Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5.Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер режимі мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне сәйкес келеді және базистік жоспарға сәйкес дайындалады.
- 6.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметтер, штаттық медициналық қызметкерлер шегінде, барлық балаларға тегін көрсетіледі.
- 7.Кәсіпорын құжаттамасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген типтік нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Кәсіпорын есебі аталған нұсқау мен мемлекеттік статистика орган талаптарына сәйкес ұсынылады.

VIII.Кәсіпорынның құрылтайшысы мен тиісті саланы өкілетті басқару органымен өзара қарым – қатынасы

Кәсіпорынға тиісті саланың уәкілетті органы төмендегідей бағыттарда уәкілдік етеді:

Кәсіпорынға үкімет тарапынан берілетін жан басына шаққандағы қаржыландыруда басшылық етеді

Кәсіпорын қызметінің басымдық бағыттарын белгілейді:

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің ағымдағы жылғы және болашақтағы жоспарларын, оның ішінде қаржылық жоспар көрсеткіштерін, мерзімдік кезеңі мен ұсыну тәртібін қарайды және бекітеді;

Кәсіпорынның қаржылық – шаруашылық қызметін бақылайды және талдау жүргізеді;

Кәсіпорын мүлкінің дұрыс пайдаланылуы мен сақталуына тексеруді жүзеге асырады.

Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес кәсіпорынның құзыретіне жатқызылған басқа да шешімдер қабылдайды.

IX. Білімді ағымдық бақылау жүйесі

- 1.Білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары мен Кәсіпорын мамандары кезеңдік аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.
- 2.Дамудың базалық деңгейін бағалау мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикалық дамуының ғылымға негізделген нормативтері және олардың білімдері мен дағды деңгейлері негізінде, балаларды мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу және оқыту бағдарламасына сәйкес, базистік жоспарға сәйкес жүргізіледі.
- 3.Балалар келесі жас тобына көшу кезінде тестілеуден өтпейді.

X. Кәсіпорынды басқару

Құрылтайшы құзыретіне:

- 1.Кәсіпорынды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына,мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Типтік ережелері мен Кәсіпорын Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес және қызметкерлердің жалпы жиналысы Кәсіпорынды алқалық басқару формасы болып табылады.
- 3.Кәсіпорынды ұйым директоры тағайындап босататын меңгеруші тікелей басқарады. Директор басшы болып танылады. Кәсіпорын меңгерушісі мыналарға жауапты:
- 4.Тәрбиеленушілер мен Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына;
- 5.Оның құзыретіне қатысты қызметтердің орындалмауына;
- 6.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарының орындалмауына;
- 7.Оқу- тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер мен Кәсіпорын қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына;
- 8.Қаржылық-шаруашылық қызмет жағдайына, сондай-ақ заттың және ақшалай қаражаттың мақсатты жұмсалыуына дербес жауапкершілік жүктейді.
- 9.Директор қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

10. Директор мемлекеттік және жеке ұйымдар мен басқа кәсіпорындарда оның мүдделерін білдіреді.
11. Директор қаржылық және басқа құжаттарды реттеп, шарт жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есеп айыру және өзге де шоттарын ашады.
12. Директор өз құзыреті шегінде Кәсіпорын жұмыскерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жазаға тартады.
13. Директор құжаттарға қол қою құқығына ие.
14. Директор кадрларды дербес іріктеп тағайындайды, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес қабылдау және босату құқығын иеленеді.
15. Меңгеруші Кәсіпорынның және Кәсіпорын қызметкерлерінің аттестациядан өтуін ұйымдастырады, кадрларды тағайындау кезінде аттестация қорытындысын ескереді.
16. Меңгеруші мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен білім беру процесінің тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаға сай жүзеге асырылуына жағдай жасайды.
17. Меңгеруші балалар мүддесі мен отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады.
18. Меңгеруші баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды мектепке дейінгі ұйым жарғысымен және оқу-тәрбие процесін қабылдау және ұйымдастыру тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.
19. Меңгеруші мектепке дейінгі ұйымда бекітілген мүліктің тиімді пайдалануын және сақталуын қамтамасыз етеді.
20. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қағаздар үшін дербес жауапты.

XI. Тәрбие және білім беру процесі қатысушылары, олардың құқықтары мен міндеттері

Кәсіпорын жұмыскерлері штатын, жалақы төлеу, шартын, олардың құқықтары мен міндеттерін жинақтау тәртібі:

1. Кәсіпорынның білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» ережелерімен белгіленеді.

2.Балалар , ата-аналары немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар кәсіпорынның білім беру

процесі қатысушылары болып табылады.

3.Кәсіпорынның педагогикалық қызметіне бұл лауазым бойынша жұмыс істеу сот шешімімен рұқсат етілмеген тұлғалар жіберілмейді.

4.Әдіскер, педагогтардың барлық лауазым орындарына жоғары білімді тұлғалар еңбек шартына қол қойғаннан кейін шығарылатын директордың бұйрығымен орналастырылады. Кей жағдайларда мұндай лауазымдарға арнаулы орта білімі бар тұлғалар да орналастырылады.

5.Есепші лауазымына сәйкес білімі бар ,директордың әңгімелесінен өткен, еңбек шартына қол қойған тұлғалар орналастырылады.

6.Педагогтар мен көмекші қызметкерлерді директор жұмысқа қабылдап босатады.

Кәсіпорынның педагогикалық жұмыскерлері құқылы:

7.Кәсіптік қызмет жағдайын қамтамасыз етуге;

8.Мемлекеттік жалпыға білім беретін стандартты орындау кезінде педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен түрлерін ерікті түрде таңдауға;

9.Ғылыми зерттеулердің тақырыптары мен бұл жұмыс нәтижелері түрлерін педагогикалық тәжірибеде ерікті түрде пайдалануға;

10.Оқу процесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;

11.Бес жылда бір рет жұмыстан қол үзбей құрылтайшы қаражаты есебінен өз біліктілігін арттыруға;

12.Санатын жоғарылату, қызметін өсіру мақсатында аттестациядан өтуге;

13.Мектепке дейін білім беретін мекемелердің педагогикалық қызметкерлері ақысы төленетін демалыс алуға;

14.Дербес педагогикалық қызметке;

15.Кәсіптік абыройы мен намысын қорғауға;

16.Білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беруге;

17. Педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моралдық жағынан мадақтамаларға; орден мен медаль, құрметті атақтар; төсбелгілер мен мадақтамалар сияқты марапаттауларға;

18.Тәрбиеленушілердің білім берудің мемлекеттік жалпыға білім беретін стандарттарында қарастырылған деңгейден төмен емес білім, икемділік және дағды алуларын қамтамасыз ету;

19.Тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамуына көмектесу;

20.Өз біліктілігін арттыру;

21. Педагогикалық этика нормаларын қадағалау;

22.Тәрбиеленушілер абыройы мен намысын құрметтеу;

23.Салауатты өмір салтын жүргізу және оны тәрбиеленушілер арасында насихаттау;

24.Балаларға алғашқы медициналық жәрдем көрсете білуге және төтенше жағдайлар кезінде әрекет жасау;

25.Медициналық тексеруден уақытында өтіп тұру;

26.Тәрбиеші мен Кәсіпорынның басқа да педагогтары оқу- тәрбие беру процесі кезінде және баланың мектепке дейінгі ұйымда болуы кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға дербес жауапкершілік жүктейді;

Балаға кепілдік беріледі:

27.Өмірі мен денсаулығын қорғау;

28. Дене және психикалық, моралдық , зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау;

29.Оның абыройын қорғау;

30.Эмоционалдық және жеке қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

31.Баланың жасы мен жеке даму ерекшелігіне сәйкес тамақтану, ұйықтау, демалу және т.б физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

32.Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;

33.Мектепке дейінгі сапалы дайындық;

Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) құқылы:

34.Балалармен жұмыс жасауға арналған білім беру бағдарламасын таңдау.

35. Баланың құқығы мен мүддесін қорғауға;
36. Кеңесші дауыс құқығымен кәсіпорын педагогтары Кеңесінің жұмысына қатысуға;
37. Балалармен жұмысты, соның ішінде ата-аналар комитеті арқылы қосымша білім беру және медициналық қызметтерді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жақсартуға арналған ұсыныстар жасауға;
38. Мектепке дейінгі ұйым директоры және педагогтарының балалармен жұмыс туралы есебін тыңдауға;
39. Кәсіпорыннан өз баласының тәрбиесіне, тәртібіне және дамуына қатысты ақпарат алуға;

Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) міндетті:

40. Балалардың өміріне таза және қауіпсіз жағдай қалыптастыру, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
41. Тәрбие мен білім беру процесінде, сондай-ақ бес жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындығын қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен бірігіп жұмыс істеу;
42. Балалардың мектепке дейінгі ұйым жұмысының режиміне сәйкес баруын қамтамасыз ету;
43. Кәсіпорын Жарғысын орындау;
44. Кәсіпорын мен әрбір баланың ата-анасы (оларды алмастыратын тұлғалар) жасасқан келісім-шарт шарттарын орындау.

ХІІ. Еңбек және еңбекақы төлеу.

1. Кәсіпорынның еңбекақы қорын Уәкілетті орган еркін қаржылық баланста белгілейді.
2. Мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысушы жұмыскерлердің жалақысын төлеу мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.
3. Кәсіпорын қызметкерлері өз қызметін Кәсіпорын басшысымен бекітілген лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынның штаттық кестесі еңбекақы қоры мен Уәкілетті орган келісімі шегінде басшысымен бекітіледі.
5. Кәсіпорын жұмыс режимін еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдемелерді есепке ала отырып белгілейді.

6. Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының Заңнамасына сүйене отырып, кәсіпорын директорымен белгіленген тәртіпте анықталады.

XIII. Баға және баға белгілеу

1. Кәсіпорынның мемлекеттік тапсырысты орындау кезінде жүзеге асыратын және атқаратын қызметі мен жұмысының бағасын Кәсіпорын Уәкілетті орган келісімімен белгілейді.

XIV. Кәсіпорынның мүлкі және қаржысы

3. Кәсіпорын өзіне тиесілі мүлікті жедел басқару құқығын иеленеді, меншіктің сақталуына және тиімді пайдалануына жауап береді.

4. Кәсіпорынға заңнамада белгіленген тәртіп бойынша түсетін қаржылық, материалдық түсімдер пайдаланылуы мүмкін.

5. Оқу-материалдық базасын нығайту үшін;

6. Оқу жабдықтарын алу үшін;

7. Ағымдағы жөндеу және жабдықтарды жаңарту үшін;

8. Балалар алаңын құру үшін;

9. Сауықтыру шаралары үшін;

10. Шаруашылық шығындары үшін (жылу, электр қуаты, сумен қамтамасыз ету төлемдері және басқа да коммуналдық шығындар, күнделікті және шаруашылық мақсаттарға арналған заттар мен жабдықтарды алу, ғимараттарға өызмет көрсетуге арналған төлемдер, көлік қызметі төлемдері мен тауарларды алуға шығатын басқа да шығындар);

11. Қаржыландыру көзі, қызметті материалдық – техникалық қамтамсыз ету, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

12. Жергілікті бюджет қаражаты қаржыландырудың және материалдық қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады;

13. Кәсіпорын құрылтайшымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымда қызмет ету процес кезінде алынған барлық қаржылық және материалдық құралдарын Жарғыға сәйкес пайдаланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған болса пайдаланудан алуға жатпайды.

14.Мемлекеттік мүлік жөнінде уәкілетті органмен қарым-қатынас жасау шараларын мемлекеттік басқару органы атқарады.

XV .Есеп және есеп беру.

- 1.Кәсіпорын шаруашылық қызметті талдау және мемлекеттік бақылау үшін өз қызметі нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізеді.
- 2.Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды мемлекеттік басқару органдары мен басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

XVI.Кәсіпорын қызметін тоқтату және оның жауапкершілігі

- 1.Кәсіпорын өз міндеттемесі бойынша тек өзінің қарамағындағы ақша бойынша жауап береді. Кәсіпорынның басқа да мүлкін тарату жағдайын есептемегенде, алуға жол берілмейді.
2. Кәсіпорынның ақшалай қаражаты жетіспеген кезде оның міндеттемесі бойынша субсидиярлы жауапкершілікті құрылтайшы жүктейді. Келісім –шарт міндеттері бойынша жауапкершілік жекеменшік кәсіпорын туралы заңнама актілерімен бекітілген тәртіпте жүктеледі.
3. Кәсіпорын қызметін тоқтату(қосу,біріктіру, бөлу,қайта құру) қайта құру және тарату арқылы жүргізіледі.
- 4.Кәсіпорынды қайта және тарату қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.
5. Тарату өткізілді ал кәсіпорын өзінің қызметін тоқтатты деп, бұл туралы жазбаны заңды тұлғаларды тіркейтін мемлекеттік тіркелімге енгізгеннен бастап саналады.
6. Келісім-шарт міндеттері бойынша жауапкершілік жекеменшік кәсіпорын туралы заңнама актілерімен бекітілген тәртіпте жүктеледі.

XVII. Білім беру ұйымының жарғысын өзгерту тәртібі

- 1.Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды Кәсіпорынның педагогикалық кеңесі дайындайды және директор бекітеді.
- 2.Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар директор белгіленген тәртіпте сай орындалады..